1.4 Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтарды сақтамаудың қауіпті зардаптары

Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті зардаптарға соқтыруы, сонымен бірге қоршаған орта мен жабдыққа қауіп төндіруі мүмкін. Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау, сондай-ақ залалды өтеу жөніндегі барлық кепілдеме міндеттемелерінің жойылуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Атап айтқанда, қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтамау, мәселен, мыналарды туғызуы мүмкін:

- жабдықтың маңызды атқарымдарының істен шығуы;
- міндеттелген техникалық қызмет көрсету және жөндеу әдістерінің жарамсыздығы;
- электр немесе механикалық факторлар әсері салдарынан персоналдар өмірі мен денсаулығына қатерлі жағдай.

1.5 Жұмыстарды қауіпсіздік техникасын сақтай отырып орындау

Жұмыстарды атқару кезінде құрастыру және пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықта келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтар, қолданылып жүрген қауіпсіздік техникасы жөніндегі ұлттық нұсқамалар, сондай-ақ тұтынушыда қолданылатын жұмыстарды атқару, жабдықтарды пайдалану, қауіпсіздік техникасы жөніндегі кез-келген ішкі нұсқамалар сақталуы тиіс.

1.6 Тұтынушыға немесе қызмет көрсететін персоналдарға арналған қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулық

- Егер жабдық пайдалануда болса, ондағы бар жылжымалы буындар мен бөлшектердің қорғау қоршауларын бұзуға тыйым салынады.
- Электр қуатына байланысты қауіптің туындау мүмкіндігін болдырмау қажет (аса толығырақ, мәселен, ЭЭҚ және жергілікті энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындардың нұсқамаларын қараңыз).

1.7 Техникалық қызмет көрсету, байқаулар мен құрастыруды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар

Тұтынушы техникалық қызмет көрсету, бақылау тексерістері және құрастыру жөніндегі барлық жұмыстарды осы жұмыстарды атқаруға рұқсат етілген және олармен құрастыру және пайдалану жөніндегі нұсқаулықты егжей-тегжейлі зерделеу барысында жеткілікті танысқан білікті мамандармен қамтамасыз етуі тиіс.

Барлық жұмыстар міндетті түрде өшірілген жабдықта жүргізілуі тиіс. Құрастыру мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған жабдықты тоқтату кезіндегі амалдар тәртібі сөзсіз сақталуы тиіс.

Жұмыс аяқтала салысымен, бірден барлық бөлшектелген қорғаныш және сақтандырғыш құрылғылар қайта орнатылуы тиіс.

1.8 Қосалқы буындар мен бөлшектерді өздігінен қайта жабдықтау және дайындау

Құрылғыларды қайта жабдықтауға немесе түрін өзгертуге тек өндірушімен келісім бойынша рұқсат етіледі.

Фирмалық қосалқы буындар мен бөлшектер, сондай-ақ өндіруші фирма рұқсат еткен жабдықтаушы бұйымдар ғана пайдаланудың сенімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Басқа өндірушілердің буындары мен бөлшектерін қолдану өндірушінің осы салдардың нәтижесінде пайда болған жауапкершіліктен бас тартуына әкелуі мүмкін.

1.9 Пайдаланудың жол берілмейтін режимдері

Жеткізілетін жабдықты пайдалану сенімділігі тек «Қолданылу саласы» тарауына сәйкес функционалдық мақсатқа сәйкес қолданған жағдайда ғана кепілдік беріледі. Техникалық сипаттамаларда көрсетілген шекті мәндер барлық жағдайларда міндетті түрде сақталуы тиіс.

2. Тасымалдау және сақтау

Жабдық тасымалын жабық вагондарда, жабық автокөліктерде, әуе, су немесе теңіз тасымалымен жүргізу керек.

Механикалық факторлар әсеріне байланысты жабдық тасымалдау жағдайлары МемСТ 23216 бойынша «С» тобына сәйкес болуы керек.

Бумадағы жабдықты тасымалдау кезінде өздігінен жылжуын болдырмас үшін тасымалдау құралдарына берік бекітілуі керек.

Жабдықты сақтау жағдайлары МемСТ 15150 бойынша «С» тобына сәйкес болуы керек.

Максималды тағайындалған сақтау мерзімі - 2 жыл.

Сақтау мерзімі ағымында консервациялау талап етілмейді.

Сақтау және тасымалдау кезіндегі қоршаған орта температурасы: -30 °C және +60 °C аралығы.

3. Құжаттағы символдар мен жазбалардың мәні



Ескерту
Осы нұсқауларды орындамау адамдар денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін.



Ескерту
Осы нұсқауларды орындамау электр тогының зақымдалуына әкеліп, адамдар өміріне және денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін.



Ескерту
Жабдықтың ыстық беттерімен байланыс күйіп қалуға және ауыр дене жарақаттарына әкелуі мүмкін.



Назар аударыңыз

Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқауларды орындамау жабдықтан және оның зақымынан бас тартуға әкелуі мүмкін.




Нұсқау

Жұмысты жеңілдететін және жабдықтың қауіпсіз қолданысын қамтамасыз ететін ұсыныстар немесе нұсқаулар

4. Бұйым туралы жалпы мәлімет

Осы нұсқаулық CRE негізіндегі Hydro Solo-E қысым көтеру қондырғысына таралады.

Үлгілер қатары келесі сипаттамалармен шектеледі:



TM059028 3113


1-сур. Жұмыс ауқымы

Hydro Solo-E қондырғысы CRE сериялы тік көп қадамдық сорғы және тот баспайтын болаттан (EN/DIN 1.4401 немесе EN/DIN 1.4571) жасалған ағын құбыр желісіне орнатылған мембраналы ағын бағи болып есептеледі.

Қондырғы құрамына келесілер кіреді:

- жұмыс режимін теңшеуге арналған қысым датчигі;
- манометр;
- кері клапан;
- ысырмалар (ағын жағында және ағын бағи кірісінде);
- қосқыш (Қосу/Өшіру).

Hydro Solo-E қондырғысының конструкциясы 2-сур.те көрсетілген.




TM02 7562 3803

2-сур. Hydro Solo-E

Поз.	Атауы	Саны
1	CRE сорғысы	1
2	Ағын бағы	1
3	Манометр	1
4	Ысырма (ағын багі мен манометр алдында)	1
5	Ысырма	1
6	Ағын құбыр желісі (тот баспайтын болат)	1
7	Қысым датчигі	1
8	Кері клапан	1
9	Қосқыш (Қосу/Өшіру)	1
10	Сорғының фирмалық тақтайшасы	1

Hydro Solo-E қондырғысының принциптік сызбасы 3-сур.те көрсетілген.




TM00 8427 2709

3-сур. Hydro Solo-E қондырғысының принциптік сызбасы

Фирмалық тақтайша

Hydro Solo-E фирмалық тақтайшасы кронштейнге бекітілген.



TM06 1418 2414

4-сур. Фирмалық тақтайша

Поз.	Атауы
1	әдепкі белгі
2	үлгінің шартты белгісі (A96645271 – өнімнің сегіз таңбалы нөмірі, P2 – Grundfos Россия зауытының белгісі, 14 – шығарылған жылы, 18 – шығарылған аптасы)
3	сериялық нөмір
4	қуат кернеуі, В және желі жиілігі, Гц
5	максималды жұмыс қысымы, бар
6	айдалатын орта температурасы, °C
7	максималды шығын, м³/сағ
8	минималды ағын, м
9	сорғылар саны, дана
10	сорғы қуаты, кВт
11	желі кернеуі, В
12	тапсырыс нөмірі
13	қорғаныс деңгейі
14	таза салмағы
15	нарықтағы айналым белгілері
16	өндіруші ел
17	техникалық шарттар белгісі
18	компания логотипі

Шартты әдепкі белгі

Пример: Hydro Solo-E CRE 5-9

Типовой ряд	
Подгруппа	
Тип насоса	

5. Орау және жылжыту

5.1 Орау

Жабдықты алу кезінде буманы және жабдықты тасымалдау кезінде орын алуы мүмкін зақымға тексеріңіз. Буманы қолдану алдында ішінде құжаттар және кішкентай бөлшектер қалмағанын тексеріңіз. Егер алынған жабдық тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдық жеткізушіге хабарласыңыз.

Егер жабдық тасымалдау кезінде зақымдалса, тасымалдау компаниясымен бірден хабарласыңыз және жабдық жеткізушісіне хабарласыңыз.

Жеткізуші ықтимал зақымды мұқият қарау құқығын сақтайды.

5.2 Жылжыту



Ескерту

Қолмен орындалатын көтеру, тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалар мен ережелер шектеуін сақтау керек.

Назар аударыңыз

Жабдықты қуат кабелінен көтеруге тыйым салынады.

6. Қолданылу аясы


Hydro Solo-E қондырғысы суды айдауға және шағын көп пәтерлі үйлерде, коттеждерде, қонақүйлерде және т.б. су беру деңгейі өте жоғары емес орында қысым көтеруге арналған.

7. Қолданылу қағидаты

Қондырғы жүйе талаптарына сәйкес автоматты түрде жұмыс істейді, яғни, қысым датчигі көрсеткіштеріне сәйкес.

Hydro Solo-E қондырғысында қосылған сорғының айналу жиілігін реттеумен тұрақты қысым сақталады.

Қранды ашқан кезде бак толығымен босамайынша су кеңейтілген бактен (5-сур.тен мысалды қараңыз) түседі. Қысым іске қосу мәніне түскен кезде CRE сорғысы қосылады. Егер су тұтынысы арта берсе, сорғы өнімділігі айналу жиілігін реттеумен арта береді.



5-сур. Мембраналы ағын бағи

Егер су тұтынысы төмендесе, қысым датчигінің көрсеткіші бойынша сорғы өнімділігі өшіргенше төмендейді.

8. Құрастыру

8.1 Пайдалану орнына орнату

Қысым көтеру қондырғысын монтаждау және қосу жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орындалуы керек.

Қысым көтеру қондырғысы сорғы электр қозғалтқышын жеткілікті түрде желдету үшін жақсы желдетілетін бөлмеге орнатылуы керек.

8.2 Құбыр желісіне қосу

Сорғы негізіндегі көрсеткі сұйықтық ағыны бағытын көрсетеді.

Қосылған құбыр желісінің параметрлері дұрыс таңдалғанын тексеру керек.

Жабдықты монтаждау туралы қосымша ақпарат қысқаша нұсқаулықта (Quick Guide) беріледі.

9. Электр жабдықты қосу

Электр жабдығын қосу жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орындалуы керек.

Жұмыс кернеуі мәні мен ток жиілігі фирмалық тақтайшада көрсетілген номинал деректерге сәйкес келуін тексеріңіз.

Ескерту

Клеммалық қорапта және электрлік сәреде қосылыстарды орнату алдында электр қуатын алдын ала (минимум 5 минут бұрын) өшіру керек. Электр қуаты кездейсоқ қосылмайтынын тексеріңіз. Құралды жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес сыртқы көп полюсті желілік қосқышқа қосу керек. Құрал жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес тұйықталып, тікелей емес контактіден қорғалуы керек. Стационарлық қондырғыны < 30 МА өшіру тогымен жерге кему тогынан қорғаныспен (ҚӨҚ) жабдықтау ұсынылады. Егер электр қуатының кабелі зақымдалса, өндірушімен, өндірушінің қызмет көрсету орталығымен немесе тиісті деңгейлі білікті қызметкерлермен ауыстырылуы керек.



Ескерту

Клеммалық қорапта және электрлік сәреде кеңейту модульдерін, қосылыстарды орнату алдында немесе ақаулықтарды іздеу алдында электр қуатын алдын ала (минимум 5 минут бұрын) өшіру керек. Электр қуаты кездейсоқ қосылмайтынын тексеріңіз.

MGE қозғалтқыштарының электрондық блогының клеммаларындағы кедергіні өлшеу рұқсат етілмейді, себебі кірістірілген электроникаға зақым келуі мүмкін.



Назар аударыңыз

Электрлік ток әсерінен қорғаныс - жанама тұрту

Ескерту
Кему тогы > 3.5 мА болған кезде келесі сақтық шараларын орындау керек:


- Сорғы жылжымайтын бетке бекітіліп орнатылуы керек.
- Сорғы қуат көзіне тұрақты түрде қосылуы керек.
- Тұйықтау қос сым көмегімен орындалуы керек.
- Қауіпсіз тұйықтау сымдары сары-жасыл (PE) немесе сары-жасыл-көк (PEN) түсті таңбаға ие болуы керек.

Құймалы сақтандырғыштар

Сақтандырғыштардың ұсынылған өлшемдерін келесі бөлімнен қараңыз: 14. *Техникалық сипаттамалар.*

Қосымша қорғаныс

Егер сорғы жерге кему кезінде (ELCB) қорғаныс функциясымен автоматты қосқыш қосымша қорғаныс ретінде пайдаланылатын электр қондырғысына қосылса, онда осындай автоматты қосқышта келесі белгі болуы керек:



Осы автоматты қосқыш В түріне қатысты.

Қауіпсіз өшіру автоматын таңдау кезінде электр жабдықтың барлық элементтерінің жалпы кему тогы мәнін есепке алу керек.

Қалыпты жағдайларда пайдалану кезіндегі электр қозғалтқыштың кему тогын келесі бөлімнен қараңыз: 14.

Техникалық сипаттамалар. Қосу кезінде және электр тогын бейсимметриялы беру кезінде кему тогы қарапайым деңгейден жоғары болып, ELCB іске қосуы мүмкін.

Электр қозғалтқыш қорғанысы

Электр қозғалтқыштың сыртқы қорғанысы талап етілмейді. Ол жылу артық жүктемесінен және құлыптау жағдайынан (TR 211) құлыпталған.

Желідегі импульстік кедергілерден қорғаныс

Сорғы фазалар және фаза мен жер арасына қосылған варистор көмегімен ауыспалы кернеуден қорғалған.

10. Пайдалануға беру

Барлық құралдар өндіруші зауытта қабылдау-тапсыру сынақтарынан өтеді. Орнату орнындағы қосымша сынақтар талап етілмейді.

Қондырғы қосу дайын күйінде жеткізіледі.

Қондырғыны қолданысқа енгізу келесі әдіспен орындалады:


1. Қондырғы торабының тапсырыс сипаттамаларына сәйкестігін және бөлек тораптар мен бөлшектер жоқтығын тексеріңіз.
2. Су беру магистралін қосыңыз. Электр желісіне қосыңыз. Жобалық құжаттама сипаттамаларымен көрсетілген сымдар/кабельдер/түтіктер көлденең қимасы сәйкестігін тексеріңіз.
3. Сорғыны толтырыңыз (10.1 Гидро жүйені толтыру бөлімін қараңыз).
4. CRE сорғының жиілік түрлендіргішінің беттік жағындағы басқару тақтасы арқылы сорғыны іске қосыңыз. Сорғыдан ауаны шығарып, сорғылардың ағын магистраліндегі ысырманы баяу жабыңыз. Енді қондырғыдан ауа шығарылды.

10.1 Гидро жүйені толтыру

Қолданысқа енгізу алдында гидро жүйе сумен толтырылуы керек.

Тұйық гидро жүйелерде немесе су деңгейі сорғының сорғыш келте құбыры деңгейінен жоғары болатын ашық гидро жүйелерде:

1. Айдау жағындағы ысырманы жабыңыз.
2. Сорғының жоғарғы жағындағы толтыру мойнының резьбалы тығынын (1-күй) бұрап алыңыз. 6-сур.ті көріңіз.
3. Толтыру мойнынан су ағыны бірқалыпты аға бастағанша гидро жүйенің сорғы желісінің ысырмасын баяу аша бастаңыз.
4. Толтыру мойнының резьбалы тығынын орнатып, берік тартыңыз.
5. Ысырманы (ысырмаларды) толығымен ашыңыз.



6-сур. Сорғының толтыру саңылауы

Поз. Сипаттама

Поз.	Сипаттама
1	Толтыру мойнының тығыны
2	Ағызатын тесік тығыны
3	Төгу саңылауы/өткізу клапаны тығыны

Сұйықтық деңгейі сорғының сорғыш келте құбыры деңгейінен төмен болатын ашық гидро жүйелерде:

1. Айдау жағындағы ысырманы жабыңыз.
2. Өткізу клапанының (3-күй) кішкентай бұрандасын босатып, тоқтату керек-жарағынан тірелгенше тартыңыз. 6-сур.ті көріңіз.
3. Сорғының жоғарғы жағындағы толтыру мойнының резьбалы тығынын (1-күй) бұрап алыңыз.
4. Толтыру саңылауынан (қажет болғанда құйғыш пайдаланыңыз) сорғыш желі мен сорғыны толығымен толтыратын сұйықтық көлемін құйыңыз. Сұйықтық толтыру саңылауынан көрінуі керек.
5. Өткізу клапаны бұрандасын қайта тартыңыз.
6. Толтыру мойнының резьбалы тығынын орнатып, берік тартыңыз.
7. Ысырманы (ысырмаларды) толығымен ашыңыз.

Назар аударыңыз

Қолданысты тоқтатқаннан кейін сорғының кенет іске қосылуын құлыптау шараларын қарастыру керек.

Пайдалануға беру туралы қосымша нұсқаулар қысқаша нұсқаулықта (Quick Guide) беріледі.

TM02 6431 0603


11. Пайдалану

Пайдалану жағдайлары келесі бөлімде келтірілген:

14. Техникалық сипаттамалар.



Ескерту
Құрал қызуы мүмкін, күйік жағдайын болдырмас үшін түймелерін түртпеген дұрыс.



7-сур. Стандартты басқару тақтасы

Поз.	Белгілеу	Атауы
1		Grundfos Eye Сорғының жұмыс күйінің көрсеткіші.
2	-	Орнатылған мәнді көрсетуге арналған жарық көрсеткішінің өрісі.
3		Орнатылған мән өзгерісі.
4		Радио байланысты Grundfos GO Remote және басқа баламалы өнімдер арқылы белсендіру.
5		Сорғыны қолмен қосу және тоқтату мүмкіндігі. Іске қосу: Сорғы өшірулі күйде болған кезде түймені басқанда жоғары басымдықты басқа функциялар қосылмаған кезде ғана сорғы қосылады. Тоқтату: Сорғы жұмысы барысында түйме басылса, сорғы тоқтайды. Сорғы осы түйме көмегімен тоқтаған жағдайда түйме айналасында «Тоқтату» хабары жанады.

TM05 4848 3512

11.1 Орнатылған мәнді теңшеу

Назар аударыңыз

Орнатылған мән сорғы бере алатын қысымнан үлкен болмауы керек.

Сорғының жұмыс параметрлерінің қажетті мәнін немесе түймелерін басумен теңшеңіз.

Басқару тақтасындағы жарық көрсеткіші өрістері берілген орнатылған мәнді көрсетеді.

8-сур.те көрсетілгендей максималды орнатылған мән 10 бар болады.

Дегенмен, барлық Hydro Solo-E қондырғылары 10 бар қысым бермеуі мүмкін. Яғни, орнатылған мән сорғы бере алатын қысымнан үлкен болмауы керек.


Максималды орнатылған мәнді келесі әдіспен есептеуге болады:

$$SP_{\max} \leq H_{\max} \times 0,1 + p_{\text{кіріс}}$$

SP_{\max} = максималды орнатылған мән, бар

H_{\max} = максималды ағын, м (сорғының фирмалық тақтайшасын қараңыз)

$p_{\text{кіріс}}$ = кірістегі қысым, бар.



8-сур. Орнатылған мән - 5 бар, тұрақты қысыммен басқару режимі

Жабдықты пайдалану және теңшеу туралы қосымша нұсқаулар қысқаша нұсқаулықта (Quick Guide) беріледі.

11.2 Сорғыны іске қосу/тоқтату

Қажетті орнатылған мән көрсетілмейінше сорғыны немесе түймесін басумен іске қосыңыз.

Сорғыны түймесін басумен тоқтатыңыз.

Сорғыны тоқтатқаннан кейін түйме жанында «Тоқтату» хабары жанады. Барлық жарық өрістері өшкенше түймесін басумен сорғыны тоқтатуға болады.

Сорғыны түймесімен тоқтатқан жағдайда оны түймесін қайта басумен ғана қосуға болады.

Сорғыны түймесімен тоқтатқан кезде оны түймесін қайта басумен ғана қосуға болады.

11.3 Ақаулықтар көрсетілімін ысыру

Ақаулықтар көрсетілімін ысыру келесі әдістердің бірімен орындалады:

- Сорғыдағы немесе түймелерін қысқа уақытқа басумен. Бұл сорғы теңшеулеріне еш әсер етпейді. Егер немесе түймесі құлыптаулы болса, түймелерді басумен ақаулық сигналдарын ысыруға болмайды.
- Электр қуатын қосып, жарық индикаторлары өшкенше күтіңіз.
- Grundfos GO Remote көмегімен.

11.4 «Құрғақ» жүрістен қорғаныс

«Құрғақ» жүрістен кейінгі қорғаныс және қайта қосу *1-қосымшаға* сәйкес орындалады. Қорғаныс құрылғысы (қысым релесі немесе қалтқылар) жеткізу жиынтығына кірмейді.

12. Техникалық қызмет көрсету

Қондырғыға техникалық қызмет көрсету келесі әрекеттерді қамтуы керек: электр кабелі мен жиілік түрлендіргіш толықтығын айына 3 рет тексеру. Сонымен қатар, сорғы/сорғылар кіріс және шығыс келте құбырлары қосылысының толықтығын, гидравликалық бак қосылысының толықтығын жүйелі түрде тексеру керек.

13. Істен шығару

Hydro Solo-E қондырғысын істен шығару негізгі айырғы қуатын өшірумен (толық өшіру) немесе CRE сорғысының беттік тақтасындағы сорғыны өшіру түймесін басумен (жартылай өшіру) орындалады. Қуатты өшіргеннен кейін орнату алдында және кейін жүйедегі сұйықтық ағынын қондырғының гидро жүйесінен сұйықтықты төгумен жабыңыз. Осыдан кейін қондырғыны демонтаждауға болады.

TM05 7678 1413

14. Техникалық сипаттамалар

Белгілі бір қондырғы деректерін фирмалық тақтайшадан қараңыз.

Максималды ағын	142 м
Максималды беріліс	70,5 м³/сағ
Максималды жұмыс қысымы	PN10/16
Мембраналы ағын багінің тірегі (зауыттық теңшеу)	Максималды сорғы қысымынан 0,7
Қоршаған орта температурасы	0°C және +40°C аралығы
Айдалатын сұйықтық температурасы	+5°C және 60°C аралығы
Максималды дыбыс қысымы деңгейі ең көбі	50 дБ(А)
Қорғаныс деңгейі	IP54
Мембраналы бак көлемі	12, 18 л



Ескерту
Ыстық сұйықтықты айдау кезінде қызмет көрсетуші қызметкерлерді ыстық беттен күйіп қалу қаупінен қорғау шараларын орындау керек.

Үш фазалы сорғылар, 1,1-7,5 кВт

Қуаттың кернеуі

3 x 380-480 В - 10% / +10%, 50/60 Гц - 2% / + 2%, РЕ (қауіпсіз тұйықтаумен).

Кабель: макс. 10 мм²/8 AWG.

Мин 70°C температураға арналған мыс сымдар пайдаланыңыз.

Сақтандырғыштардың ұсынылған өлшемдері

Электр қозғалтқыш қуаты: 1,1-5,5 кВт: макс. 16 А

Электр қозғалтқыш қуаты: 7,5 кВт: макс. 32 А

Стандартты батырмалы сақтандырғыштар, тез күйетін сақтандырғыштар немесе іске қосу кідірісі бар сақтандырғыштар пайдаланыңыз.


Артық жүктеуден қорғаныс

Электр қозғалтқышты артық жүктеуден қорғаныс электр қозғалтқыштың қарапайым қорғанысына ұқсас сипаттамаларға ие. Мысалы, электр қозғалтқыш I_{ном} 110%-на тең артық жүктеуін 1 минут көтереді.

Кему тогы

Кему тогы EN 61800-5-1 стандартына сәйкес өлшенеді.

Минималды тірек қысымы



TM02 0118 3800

9-сур. Тіректің минималды қысымын есептеу параметрлері

Сорғыда кавитация қаупін жоюға қажет сұйықтық «Н» тірегінің минималды қысымы метр бірлігінде келесі әдіспен есептеледі:

$$H = p_b \times 10,2 - NPSH - H_f - H_v - H_s$$

p_b = Атмосфералық қысым, бар. (Атмосфералық қысымды 1 бар деп алуға болады).
Жабық жүйелерде p_b көрсеткіші жүйедегі қысымды бар бірлігінде көрсетеді.

NPSH = Метрлік су бағаны бойынша сорғының сорғыш келте құбыры астындағы сұйықтық бағанының биіктігі. (Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулық ішіндегі NPSH қисығымен анықталады).

H_f = Бөлек сорғының максималды берілісі кезінде метр бірлігіндегі сорғыш магистральдегі керіліс шығыны.

Ескертпе: Егер сорғы сорғыш жағында кері клапан орнатылса, клапанға шығын қосу керек. Өндіруші құжаттамасын қараңыз.

H_v = Метрлік с.б. бойынша қаныққан бу қысымы

t_m = жұмыс сұйықтығының температурасы.

H_s = Қор коэффициенті, минимум 0,5 м с.б.

«Н» есептелген ағынының оң мәні жағдайында сорғы макс «Н» сору биіктігінде жұмыс істейді.

Егер «Н» есептелген мәні теріс болса, жұмыс барысындағы «Н» м с.б. тең минималды тірек қысымы керек.

Максималды кіріс қысымы және жүйедегі қысым


Макс. қысым (бар)	Кіріс			Жүйелер	
	4	8	10	10	16
CRE 1-4, 1-9			•	•	
CRE 1-13, 1-17			•		•
CRE 3-4, 3-8, 3-11			•	•	
CRE 3-11, 3-15			•		•
CRE 5-2, 5-5, 5-9			•	•	
CRE 5-12			•		•
CRE 10-1, 10-3		•		•	
CRE 10-5			•	•	
CRE 15-2		•		•	
CRE 15-3, 15-4			•	•	
CRE 20-2, 20-3			•	•	
CRE 32-2-2	•			•	
CRE 45-1	•			•	

Монтаж биіктігі

Назар аударыңыз Қозғалтқышты теңіз деңгейінен 2000 метрден жоғары биіктікке орнатуға тыйым салынады.

Монтаж биіктігі - теңіз деңгейінен жоғары орнату биіктігі.

- Теңіз деңгейінен жоғары 1000 метрге дейін орнатылатын электр қозғалтқыштар 100% жүктемемен жұмыс істеуі мүмкін.
- Электр қозғалтқыштарды теңіз деңгейінен жоғары 1000 метрден аса орнатқан кезде суыту мүмкіндігінің нашарлауына байланысты төмен ауа тығыздығы салдарынан толық жүктеме бермеу керек. 10-сур.ті көріңіз.



10-сур. Теңіз деңгейінен жоғары биіктігіне байланысты электр қозғалтқыштың (P2) шығыс қуатын төмендету

TM05 6400 4712

15. Ақаулықтың алдын алу және жою



Ескерту
Жұмыстарды бастау алдында электр қуаты өшірілгенін тексеріңіз.
Электр қуаты кездейсоқ қосылмайтынын тексеріңіз.

Ақаулық	Grundfos Eye	Себебі	Ақауды жою
1. Сорғы жұмыс істемейді.	Индикаторлар жанбайды. Апаттық сигнализация. Электр қозғалтқыш тоқтатылды. Екі қарама-қарсы қызыл жарық индикаторы бір уақытта жыпылықтайды.	a) Электр қуаты жоқ.	Қуатты қосыңыз. Кабельдерді және кабельдік қосылыстарды зақымдарға және бос қосылыстарға тексеріңіз.
		b) Сақтандырғыштар күйіп кеткен.	Кабельдерді және кабельдік қосылыстарды зақымдарға тексеріп, сақтандырғыштарды ауыстырыңыз.
		c) Датчик бұзылған.	Датчикті ауыстырыңыз.
2. Сорғының тұрсаыз өнімділігі.	Ақаулықтар индикаторлары жанбайды.	a) Сорғы кірісіндегі қысым тым төмен.	Сорғы кірісіндегі жағдайды тексеріңіз.
		b) Сорғыш құбыр желісі лаймен жартылай бітелген.	Лайды жойып, сорғыш желіні шайыңыз.
		c) Сорғыш құбыр желісіндегі кему.	Сорғыш құбыр желісінде тиісті жөндеу жұмысын жүргізіңіз.
		d) Сорғы құбыр желісіндегі немесе сорғыдағы ауаны сору.	Сорғы құбыр желісінен немесе сорғыдан ауаны шығарыңыз. Сорғы кірісіндегі жағдайды тексеріңіз.
		e) Сорғының кері немесе қабылдау клапаны жабық күйде құлыпталған.	Клапанды шешіп шайыңыз, жөндеңіз немесе ауыстырыңыз.
3. Өшіргеннен кейін сорғы кері бағытта айналады.	Индикаторлар жанбайды немесе жасыл индикаторлар біліктің кері бағытта айналуын көрсетеді.	a) Сорғыш құбыр желісіндегі кему.	Сорғыш құбыр желісінде тиісті жөндеу жұмысын жүргізіңіз.
		b) Қабылдау немесе кері клапан ақаулы.	Клапанды шешіп шайыңыз, жөндеңіз немесе ауыстырыңыз.
		c) Сорғының қабылдау клапаны ашық немесе жартылай ашық күйде құлыпталған.	Клапанды шешіп шайыңыз, жөндеңіз немесе ауыстырыңыз.

16. Бұйымды кәдеге жарату

Шекті күйдің негізгі өлшемдері болып табылатындар:

1. жөндеу немесе ауыстыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың ұлғаюы.

Аталған жабдық, сонымен қатар, тораптар мен бөлшектер экология саласында жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкес жиналуы және кәдеге жаратылуы тиіс.

17. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

GRUNDFOS Holding A/S концерні,

Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания*

* нақты дайындалу елі фирмалық тақтасында көрсетілген.

Уәкілетті дайындаушы тұлға/Импорттаушы**:

«Грундфос Истра» ЖШҚ

143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,

Павло-Слободское е/м.,

Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:

Грундфос Қазақстан ЖШС

Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,

Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.

** импорттық жабдықтарға қатысты көрсетілген.

Ресейде дайындалған жабдық үшін:

Дайындаушы:

«Грундфос Истра» ЖШҚ

143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,

Павло-Слободское е/м.,

Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:

Грундфос Қазақстан ЖШС

Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,



Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.

Жабдықтың қызметтік мерзімі 10 жылды құрайды.



Техникалық өзгерістер болуы мүмкін.

Приложение 1.

Автоматический перезапуск





TM02 2560 4003





TM02 2589 4003

Ручной перезапуск



TM02 2561 4003



TM02 2590 4003

RU

Установки повышения давления Hydro Solo-E, произведённые в России, сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU C-RU.АИ30.В.00638, срок действия до 26.03.2019 г.

Установки повышения давления Hydro Solo-E изготовлены в соответствии с ТУ 3631-002-59379130-2005.

Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48. Принадлежности, комплектующие изделия, запасные части, указанные в сертификате соответствия, являются составными частями сертифицированного изделия и должны быть использованы только совместно с ним.

Установки повышения давления Hydro Solo-E сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU C-DK.АИ30.В.01172, срок действия до 08.12.2019 г.

Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48. Принадлежности, комплектующие изделия, запасные части, указанные в сертификате соответствия, являются составными частями сертифицированного изделия и должны быть использованы только совместно с ним.

Истра, 9 декабря 2014 г.

KZ

Ресейде жасалған Hydro Solo-E қысым арттыру қондырғысы «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Машиналар және жабдықтар қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011), «Техникалық заттардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігі сертификатталды.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU C-RU.АИ30.В.00638 жарамдылық мерзімі 26.03.2019 жылға дейін.

Hydro Solo-E қысым арттыру қондырғысы 3631-002-59379130-2005 ТТ-на сәйкес дайындалды. «Иваново Сертификаттау Қоры» ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» өнімді сертификациялау бойынша органымен берілген, аккредитациялау аттестаты № РОСС RU.0001.11АИ30 20.06.2014 ж., аккредитациялау бойынша Федералды қызметімен берілген; мекен-жайы: 153032, Ресей Федерациясы, Иванов облысы, Иваново қ., Станкостроителей көш., 1 үй; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48. Сәйкестік сертификатында көрсетілген керек-жарақтар, қосалқы құралдар, қосалқы бөлшектер сертификатталған құрал құрамдастары болып табылады және тек солармен бірге пайдаланылуы керек.

Hydro Solo-E қысым арттыру қондырғысы Кеден Одағының «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Машиналар және жабдықтар қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011), «Техникалық құралдардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011), техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігі сертификатталды.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU C-DK.АИ30.В.01172 жарамдылық мерзімі 08.12.2019 жылға дейін.

«Иваново Сертификаттау Қоры» ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» өнімді сертификациялау бойынша органымен берілген, аккредитациялау аттестаты № РОСС RU.0001.11АИ30 20.06.2014 ж., аккредитациялау бойынша Федералды қызметімен берілген; мекен-жайы: 153032, Ресей Федерациясы, Иванов облысы, Иваново қ., Станкостроителей көш., 1 үй; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48. Сәйкестік сертификатында көрсетілген керек-жарақтар, қосалқы құралдар, қосалқы бөлшектер сертификатталған құрал құрамдастары болып табылады және тек солармен бірге пайдаланылуы керек.



Касаткина В. В.

Руководитель отдела качества,
экологии и охраны труда
ООО Грундфос Истра, Россия
143581, Московская область,
Истринский район,
дер. Лешково, д.188

Российская Федерация

ООО Грундфос
111024, г. Москва,
Ул. Авиамоторная, д. 10, корп.2, 10 этаж,
офис XXV. Бизнес-центр «Авиаплаза»
Тел.: (+7) 495 564-88-00, 737-30-00
Факс: (+7) 495 564-88-11
E-mail:
grundfos.moscow@grundfos.com

Республика Беларусь

Филиал ООО Грундфос в Минске
220125, г. Минск,
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,
БЦ «Порт»
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: 7 (375 17) 286-39-71
E-mail:
minsk@grundfos.com

Республика Казахстан

Грундфос Казахстан ЖШС
Қазақстан Республикасы,
KZ-050010 Алматы қ.,
Кек-Тебе шағын ауданы,
Қыз-Жібек кешесі, 7
Тел.: (+7) 727 227-98-54
Факс: (+7) 727 239-65-70
E-mail:
kazakhstan@grundfos.com

98995927 0816
ECM: 1189486